**Кедендік кіріс ордерін толтыру мен есебін жүргізудің ережесін және оның нысанын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 23 мамырда N 236 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 2 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2336. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 24 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 24* бұйрығымен *( қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз).*

---

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 270-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Кедендік кіріс ордерін толтыру мен есебін жүргізудің ережесі және оның нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі ( А.А.Қоңлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

"Кедендік кіріс ордерін толтыру
мен есебін жүргізудің ережесін
және оның нысанын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2003 жылғы 23 мамырдағы

N 236 бұйрығымен бекітілген

## Кедендік кіріс ордерін толтыру мен есебін жүргізудің ережесі және оның нысаны

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Кедендік кіріс ордерін толтыру мен есебін жүргізудің ережесі және оның нысаны Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 270 -бабына сәйкес әзірленді және кедендік кіріс ордерін (бұдан әрі - ККО) толтырудың тәртібін айқындайды, сондай-ақ ККО-нің нысанын белгілейді.

2. ККО баспаханалық реттік нөмірі бар түптелген үш парақтардан тұратын, қатаң есептілік бланкісі болып табылады және оны кеден органының лауазымды адамы (орындаушы инспектор *) толтырады.

Қажет болған жағдайда, түптелген үш парақтардан (2-қосымша) тұратын кедендік кіріс ордеріне қосымша парақ (бұдан әрі - ҚККО) толтырылады және оны кеден органының лауазымды адамы (инспектор-орындаушы) толтырады ҚККО-нің парақтары тиісінше ККО-нің парақтарына қоса тігіледі және ККО-нің ажырамас бөлігі болып табылады.

Кеден органының лауазымды адамы арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы ККО мен ҚККО қалыптастырады және ККО негізгі парағын қатаң есептіліктегі бланкінің келесі жағына басады.

Форс-мажорлық жағдаят (электр энергиясы және т.б. болмаған) жағдайында, кейін оларды міндетті түрде жасай және деректер базасына енгізе отырып ККО және ҚККО-ін баспа машинасында жазып қатаң есептіліктегі бланкіде толтырады.

---

* орындаушы инспектор ұғымы - кеден органының өзінің қызметтік қызметтеріне сәйкес кедендік ресімдеуді, кеден төлемдерін есептеуді және алуды жүзеге асыратын уәкілетті лауазымды адамы.

3. ККО-ның ресімделген бланкілерін кеден органының жауапты лауазымды адамы береді және бухгалтерлік есеп және бақылау бөлімдері арнайы журналдарда жүргізеді. Журналды толтыру және сақтау, бланкілерді беру қатаң есептіліктегі құжаттармен жұмыс істеудің қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ресімделген бланктердің есебін жүргізу журналдары күнтізбелік жылдар бойынша жүргізіледі. Журналдар алдын ала нөмірленген, тігілген, мөр басылған және кеден органы бастығының, не оның орнындағы адамның қолы қойылған, сондай-ақ кеден органы бас бухгалтерінің қолы қойылған болуы тиіс.

5. ККО мен ККОП-ның бірінші даналары "ЖКД мен оның құжаттарының бірінші даналарын қабылдаудың, сақтаудың және іс қағаздарына қосудың тәртібіне" сәйкес жасалады және сақталады.

ККО мен ККОП-тың екінші даналары қатаң есептілік құжаттарымен жұмыс істеу ережесіне сәйкес кеден органының бухгалтериясында (кассасында) сақталады.

ККО мен ККОП-тың үшінші даналары төлеушінің қолына беріледі.

6. Ұсынылған құжаттардың негізінде кеден органының лауазымды адамы ККО жасайды. Бір күнгі ресімделген ККО-ның жасалған деректер базасы жоғары тұрған кеден органының кедендік кірістер (кеден төлемдері) бөлімдеріне беріледі .

7. ККО мен ҚККО-мен қоса тігілген құжаттарымен бірге сақтау мерзімдері мәлімделген кеден режиміне сәйкес ресімделетін ЖКД-ның бірінші даналарын сақтау мерзімдеріне ұқсас болады.

## 2. ККО мен ҚККО толтырудың жалпы принциптері

8. ККО мен ҚККО-і орындаушы инспектор тұлға ұсынған еркін нысандағы өтініштен және кедендік ресімде үшін қажетті құжаттардың негізінде баспа құрылғыларында толтырады не арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып жасайды және жазады.

9. ККО мен ҚККО-нің әрбір данасы орындаушы-инспектордың тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі - Т.А.Ә.) міндетті түрде көрсетіле отырып, оның жеке нөмірлік мөрімен және қолымен куәландырылады.

10. ККО мен ҚККО-де тазартулар мен түзетулер болмауы тиіс. Қате мәліметтер енгізілген жағдайда, олар ұқыпты сызылады және үстіңгі жағынан дұрыс деректер басылады не жазылады. ККО мен ҚККО-нің бланктеріндегі әрбір мұндай түзету орындаушы инспектордың жеке нөмірлік мөрімен және қолымен куәландырылады.

11. ККО мен ҚККО-ін дұрыс толтыру үшін орындаушы инспектор жауаптылықта болады.

12. Берілетін ақпараттың дұрыстығы үшін тауарларды декларациялауды жүзеге асыратын тұлға жауаптылықта болады.

13. Егер қандай да бір баған толтырылмаса, онда оған сызықша қойылады.

## 3. ККО бағандарын толтырудың тәртібі

14. ККО-ның бағандары мынадай тәртіп бойынша толтырылады:

1-баған. "Ордердің түрі".

Мынадай сызба бойынша жасалатын ККО ордерінің түрі көрсетіледі;

0 0 / 0 0

1 2

1 нөмірі арқылы мына жай түсіндіріледі;

"ИМ" - еркін айналым үшін тауарлар шығаруға қолданылатын режимді мәлімдеу кезінде;

"ЭК" - тауарлардың экспортына қолданылатын режимді мәлімдеу кезінде;

"2" нөмірі арқылы мына жай түсіндіріледі;

"СБ" - ККО Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы алып жүретін қол жүгінде өткізілетін тауарларға қатысты толтырылады;

"НБ" - ККО Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы алып жүрмейтін қол жүгінде өткізілетін тауарларға қатысты толтырылады;

"МП" - ККО Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдеріндегі өткізілетін тауарларға қатысты толтырылады;

2-баған. "Қосымша парақтар".

Бағанда ҚККО-нің саны көрсетіледі. Егер ҚККО толтырылмаса, ККО-ның бұл бағанына сызықша қойылады.

3-баған. "Анықтамалық нөмір".

Бағанда ККО-ның нөмірі мен ресімделген күні мынадай сызба бойынша көрсетіледі:

99999/99999 / 999999/9

1 2 3 4

мұнда:

1 - кедендік ресімдеуді жүргізуші "Қазақстан Республикасы кеден органдарының жіктеушісіне" сәйкес ККО-ін ресімдеген кеден органының сандық коды;

2 - кедендік кіріс ордері ресімделген күні (күні, айы және ағымдық жылдың соңғы саны);

3 - ККО-нің реттік нөмірі;

4 - тек халықаралық почта жөнелтімдері үшін ғана толтырылады. Халықаралық почта жөнелтімдері (бұдан әрі - ХПЖ) үшін почта жөнелтімінің ( жалпы немесе беруші) байланыс кәсіпорны берген алты орынды нөмірі көрсетіледі. Қалған жағдайларда "4" санының орнына сызықша қойылады.

Мысалы:

20400/11050/123445/-

4-баған. "Төлеуші".

Кеден төлемдері мен салықтарын төлеуші туралы мәліметтер көрсетіледі. Бағанда оның почталық мекен-жайы, тегі және аты-жөні, сондай-ақ төлқұжаттық деректері, төлқұжатының нөмірі мен сериясы, қашан және кімнің бергені, жеке басын куәландыратын және төлқұжаттың орнындағы басқа да құжаттың нөмірі көрсетіледі. "СТН" тақырыбының астына салық төлеушінің тіркеу нөмірі ( Қазақстан Республикасының резиденттері үшін) көрсетіледі.

5-баған. "Төлем валютасы".

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ККО толтырылған күні белгілеген валютаны айырбастаудың рыноктік бағамы бойынша АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамының шамасын көрсетеді.

6-баған. "Қосымша ақпарат/ұсынылатын құжаттар".

Бағанда ұсынылған құжаттардағы тауар туралы ақпарат (атауы және т.б.), төлемдер мен есеп айырысу үшін қажетті анықтамалық ақпарат, сертификаттардың нөмірлері, шыққан елі, ЕУРО бағамы (ЕУРО-да белгіленген ставкалар бойынша төлемдермен және салықтармен есеп айырысқан жағдайда).

"Тауардың СЭҚ ТН бойынша коды" 6.1-қосымша бағанда кеден төлемдерімен есеп айырысу үшін Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі - СЭҚ ТН) тауардың коды көрсетіледі. Егер өткізілетін тауарлар үшін төлемдермен және салықтармен есеп айырысу ҚККО-де жүргізілсе, қосымша баған толтырылмайды.

"Тауардың салмағы (кг)" 6.2-қосымша бағанындағы кеден төлемдерімен және салықтарымен есеп айырысу үшін тауардың килограммен есептегендегі салмағы көрсетіледі. Егер төлемдермен және салықтармен есеп айырысу ҚККО-де жүргізілсе, онда қосымша бағанда ҚККО-де аударылған тауарлардың жалпы салмағы көрсетіледі.

"Мөлшері" 6.3-қосымша бағанында кеден төлемдерімен және салықтарымен есеп айырысуға арналған өлшем бірлігімен бірге тауардың саны көрсетіледі. Егер өткізілетін тауарлар үшін төлемдермен және салықтармен есеп айырысу ҚККО-де жүргізілсе, қосымша баған толтырылмайды.

"Шыққан елі" 6.4-қосымша бағанында кеден төлемдерімен және салықтарымен есеп айырысуға арналған тауарлардың шыққан елі көрсетіледі. Егер өткізілетін тауарлар үшін төлемдермен және салықтармен есеп айырысу ҚККО-де жүргізілсе қосымша баған толтырылмайды.

7-баған. "Алынатын кеден төлемдерінің атауы".

Бағанда аталған ККО бойынша есептелетін барлық кеден төлемдері мен салықтарының атауы (төлемдер жіктеушісіне сәйкес), оның ішінде ҚККО бойынша есептелген кеден төлемдері мен салықтары бойынша атаулар көрсетіледі.

7.1-қосымша бағанында оларға қатысты кеден төлемдері мен салықтары алынатын тауарлардың (оның ішінде ҚККО-де келтірілген) жалпы кедендік құны көрсетіледі, әрі "төлем валютасы" тақырыбының астында - тек ұлттық валютада, ал "АҚШ долларында" тақырыбының астындағы құн АҚШ долларында көрсетіледі.

8-баған. "Кеден төлемдері мен салықтарын есептеу".

КО бойынша кеден төлемдері мен салықтарын есептеу туралы ақпарат ( төлемнің коды, есептеу негізі, ставка, төлемнің сомасы), сондай-ақ іс жүзінде төленген ақша қаражаты туралы ақпарат - қандай тәсілмен, қандай кеден құжаттары бойынша төленгендігі туралы көрсетіледі.

Аталған баған екі сатыда толтырылады.

Бірінші саты. Төлеуге жататын ұлттық валютаны тікелей есептейді, жол бойынша және жүйелі түрде мынадай бағаналар толтырылады: "Түрі", "Есептеу негізі", "Ставка" және "Сомасы".

"Түрі" бағанасында төлемнің Кеден төлемдерінің жіктеушісіне сәйкес коды көрсетіледі.

"Есептеу негізі" бағанасында салық салу объектісі болып табылатын тауардың кедендік құны (ұлттық валютада), салықтар есептеу үшін негіз болып табылатын төлемдер мен кеден құнының сомасы, тауардың төлемдерін есептеу үшін негіз ретінде пайдаланылатын салмақтық не сандық көрсеткіштері көрсетіледі. Аталған бағанда кеден төлемдерін есептеу ұлттық валютада жүргізіледі.

"Ставка" бағанасында кеден төлемдері мен салықтарының ставкасы көрсетіледі. "Сомасы" бағанының бағанасында "Есептеу негізі" бағанасында көрсетілген шаманы "Ставка" бағанасында көрсетілген ставкаға көбейту жолымен алынған кеден төлемдері мен салықтарының төлеуге жататын сомасы көрсетіледі. Есептеу негіздері болмаған жағдайда бұл бағанаға "Ставка" бағанасында көрсетілген деректер енгізіледі.

Егер есептеу кезінде ЕУРО-дағы ставка пайдаланылса, онда төлемнің сомасы ЕУРО-да және бөлшек (/) арқылы - төлемнің ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі.

Бірнеше төлемдер есептелген жағдайда, бағананың соңында "Жиынтығы" деген сөз бен тиісінше төлемнің ұлттық валютадағы жиынтық сомасы қойылады.

Төлемдер ҚККО бланкісі пайдаланыла отырып есептелген жағдайда "Түрі", " Есептеу негізі", "Ставка" және "Сомасы" бағаналары мынадай түрде толтырылады.

"Түрі" бағанасында төлемнің Кеден төлемдерінің жіктеушісіне сәйкес коды көрсетіледі.

"Есептеу негізі", "Ставка" бағаналарында:

жолды кедендік ресімдегендік үшін кеден алымдарын есептеу үшін толтырған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген кедендік алымдар ставкасы көрсетіледі;

жолды кеден баждары мен салықтарын есептеу үшін толтырған жағдайда, есептеудің негізі және ставка болып табылатын тиісті шаманы жазады;

қалған жағдайларда сызықша қойылады.

"Сомасы" бағанасында ҚККО-де есептелген аталған түр төлемдерінің төлеуге жататын жиынтық сомасы ұлттық валютада көрсетіледі. Төлемдердің бірнеше түрлері есептелген жағдайда, бағананың соңында "Жиынтық" сөзі және төлемдердің тиісінше ұлттық валютадағы жиынтық сомасы қойылады.

Екінші саты. Төлеуге жататын кеден төлемдері мен салықтарын тікелей есептегеннен кейін іс жүзінде төленген сомалар туралы: қандай тәсілмен және қандай кеден құжаттары бойынша төленгендігі туралы ақпарат көрсетіледі. Бұл ретте әрбір сома бойынша "СП" және "Есептеудің егжей-тегжейі", сондай-ақ " Барлығы, төлеуге жатады" 8.1-қосымша бағанасын жолма-жол толтырады.

"СП" бағанасында сомаларды төлеудің мынадай тәсілдері көрсетіледі:

"БН" - банк арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу;

"КБ" - банк арқылы (банк түбіртегі) қолма-қол есеп айырысу;

"ПК" - төлем кәртішкелерін пайдалана отырып кеден төлемдерінің сомасын төлеу.

"Есептеудің егжей-тегжейі" бағанасында әрбір төлем тәсілінің қарсы жағына мынадай төлем деректемелері көрсетіледі:

1) егер төлем қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы жүргізілсе - төлем құжатының нөмірі және күні, сондай-ақ кеденнің ұлттық валютадағы есеп шотының нөмірі, СТН және ол ашылған банктің атауы;

2) егер төлем банк мекемесі арқылы қолма-қол ақша төлеу арқылы жүргізілсе - ол бойынша төлем қабылданған төлем құжатының нөмірі және күні;

3) егер төлем байланыс кәсіпорынның кассасы арқылы жүргізілсе - байланыс кәсіпорынның кассасына төленген күні мен ол бойынша байланыс төлеу кассасына төлеу жүргізілген кассалық кіріс ордерінің нөмірі.

Екінші сатыда толтырылған жолдар (8-бағаннан соңғы үш бағанасы) бірінші сатыда (8-бағанның алғашқы төрт бағанасы) толтырылған жолдардың жалғасы болып табылмайды.

"Барлығы, төлеуге жатады" 8.1 қосымша бағанында "Сомасы" бағанасында барлық сомаларды қосу жолымен алынған кедендік төлемдер мен салықтар сомасы цифрлармен және сөзбен көрсетіледі.

Аталған қосымша бағанда көрсетілген сомалар ККО 8-бағанының " Есептеудің егжей-тегжейі" бағанасында санамаланған төлем құжаттарында қойылған ақшалай қаражаттың жалпы сомасына да сәйкес келуі тиіс.

9-баған. "Кеден органы лауазымды адамының қолы".

Бағанда аталған ККО-ны ресімдеген кеден органы лауазымды адамының ( орындаушы инспектордың) қолы қойылады. Қолы орындаушы инспектордың жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады.

10-баған. "Кедендік төлемдер мен салықтардың төленгендігін растайтын

құжаттың N және күні".

Бағанда сол бойынша кедендік төлемдер мен салықтар төленген төлем құжатының деректемелері көрсетіледі.

11-баған. "Төлеушінің қолы".

Бағанға ККО 4-бағанындағы көрсетілген адам немесе оның өкілі болып табылатын адам, не төлемдерді ККО-ны пайдалана отырып іс жүзінде жүзеге асырған адам өзінің тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып қол қояды.

## 4. ҚККО бағандарын толтырудың тәртібі

15. ҚККО-нің бағандары мынадай тәртіп бойынша толтырылады:

1-баған. "Өткізу тәсілі".

ККО 1-бағанының екінші бөлігіне тауарларды өткізу тәсілі туралы мәліметтер жазылады.

2-баған. "N қосымша парақ".

Бағанда ҚККО-нің екі мәнді реттік нөмірі қойылады, мысалы "02".

3-баған. "Анықтамалық нөмір".

Қосымша парақтың 3-бағанына ККО-ның 3-бағанында көрсетілген анықтамалық нөмір туралы мәліметтер көшіріледі.

4-баған. "Тауарлардың атауы/шыққан елі/алынатын кеден баждары мен алымдарының атауы".

Бағанда тауарлар, олардың шыққан елі және олар бойынша алынатын төлемдер туралы мәліметтер жолма-жол көрсетіледі.

Бірінші бағанада (солдан оңға қарай) жоғарғы бос жерлерде (атаусыз торларда) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың немесе көлік құралдарының атауы, төменде - кеден төлемдерін есептеуге арналған Қазақстан Республикасында қолданылатын СЭҚ ТН бойынша тауардың коды көрсетіледі.

"Саны, салмағы" тақырыптарының астында олардың өлшем бірлігіндегі саны және тауардың килограмдағы салмағы көрсетіледі.

Екінші бағанада "Құны" тақырыбының астында тауардың ұлттық валютадағы құны көрсетіледі.

Үшінші бағанада "Баж" тақырыбының оң жағында аталған тауарға арналған кеден бажының ставкасы, ал төменде - кеден бажының ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі.

Төртінші бағанада "Акциз" тақырыбының оң жағында аталған тауарға арналған акциздің ставкасы, ал төменде - акциздің ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі.

Бесінші бағанада "ҚҚС" тақырыбының оң жағында аталған тауарға арналған қосымша құн салығының (бұдан әрі - ҚҚСС) ставкасы, ал төменде ҚҚС-тың ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі.

Алтыншы бағанадағы "Басқа салықтар" тақырыбының оң жағында аталған тауарға арналған кеден және салық заңнамаларында көзделген басқа да алынатын төлемдердің ставкасы, ал төменде - төлемнің ұлттық валютадағы сомасы көрсетіледі.

"Жиынтығы" соңғы қосымша бағанында тұтастай алғанда бағанның тиісті бағаналары бойынша ҚККО жөніндегі сомалық деректер беріледі.

Егер аталған тауарға бағандағы қандай да бір төлем түрлері салынбаса, онда төлемнің аталған түрінің оң жақ жоғарғы бөлігіне және төменгі бөлігіне сызықшалар қойылады.

ҚККО-де санамаланған барлық тауарларды кедендік ресімдегендік үшін кеден алымдарының есебі ККО-ның 8-бағанында "Жиынтық" қосымша бағанында көрсетілген тауарлардың жалпы құнының негізінде жүргізіледі.

Тауарлар мен төлем төлемдерінің атаулары 10-нан асатын жағдайда орын жетіспеген кезде кезекті қосымша парақ толтырылады. Қосымша парақтың 2-бағанында парақтың реттік нөмірі көрсетіледі және 3-бағанда ККО-ның анықтамалық нөмірі қайталанады. Бұл ретте ҚККО-нің қалған бағандары жоғарыда көрсетілген тәртіпке сәйкес толтырылады.

5-баған. "Қосымша ақпарат".

Бағанда қажетті қосымша ақпарат көрсетіледі, кеден төлемдерін есептеу үшін қажетті құжаттар ККО-ның 6-бағанын толтыру кезіндегідей тәртіппен санамаланады.

6-баған. "Кеден қызметкерінің қолы.

ККО-ның 9-бағанына ұқсас толтырылады.

7-баған. "Төлеушінің қолы".

ККО-ның 11-бағанына ұқсас толтырылады.

17. Төлеуші кеден төлемдері мен салықтарын банк мекемелері арқылы төлеген жағдайда ККО кеден төлемдері мен салықтарының сомаларын есептеу үшін қызмет етеді. Орындаушы инспектор төлем құжаты туралы мәліметтерді оған төлеуші ақша қаражатының түсуі фактісі бойынша кеден төлемдері бөлімінде тіркелген банктік төлем құжатын көрсеткеннен кейін ККО-ның 8-бағаны "Есептеудің егжей-тегжейі" бағанасына енгізеді. Одан кейін үшінші дана төлеушінің қолына беріледі. Орындаушы инспектор бірінші дананы белгіленген тәртіпке сәйкес басқа құжаттарымен бірге сақтауға тапсырады, ал екінші дананы кеден органының бухгалтериясына береді.

## 5. Қорытынды ережелер

18. ККО-ның бағандарында талап етілетін мәліметтерді көрсету үшін жеткілікті орындар болмаған жағдайда, оларды ҚККО-нің тиісті бағандарында көрсетуге рұқсат етіледі. ҚККО өзге де кеден төлемдерін есептеу кезінде есеп кестесі ретінде де пайдалануы мүмкін. ҚККО-нің әрбір данасы орындаушы

инспектордың қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырылады, ал ККО-ның екінші бағанына олардың саны қойылады.

19. Ақшалай қаражат ККО бойынша іс жүзінде төленгеннен кейін ККО-ға қандай да бір өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді. Заңсыз есептеу фактілері анықталған жағдайда, бұрынғы нұсқасының күшін жоя отырып жаңа ККО ресімдеу қажет. Жаңа ККО-да аталған ККО-ны күші жойылғанның орнына ресімдеу туралы тиісті белгіні соңғының (күші жойылғанның) анықтамалық нөмірін көрсете отырып жасау қажет.

20. ККО-ға кез келген сілтеме ККО-ның 3-бағанында көрсетілген анықтамалық нөмір бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2003 жылғы 23 мамырда
N 236 бұйрығымен
бекітілген
Кедендік кіріс ордерін
толтыру мен есебін жүргізудің
тәртібі туралы ережесіне
1-қосымша

**Кедендік кіріс ордері** N XX - 000000 ККО нысаны

```
                          ___________________________________
                          | 1. Ордер түрі  |2. Қосымша парақтар
-----------------------------|                                |
 3. Анықтама нөмір   /  /  / |                                |
--------------------------------------------------------------
 4. Төлеуші                                  | 5. Валюта бағамы
                                             ------------------|
                                   | С Т Н                     |
--------------------------------------------------------------
 6. Қосымша ақпарат/                      |6.1. СЭҚ ТН бойынша
    ұсынылатын құжаттар                   |     тауарлардың коды
                                          |6.2. Тауардың салмағы
                                          |      ( к г )
                                          |6.3. Саны
                                          |6.4. Шығарған елі
------------------------------------|-------------------------
 7. Алынған кедендік төлемдердің    |7.1.  |АҚШ долларында
      атауы                                |Тауар.|
```

|лардың|
|құны |------------------
| |ұлттық
| |валютада
-----------------------------------------------------------------
8. Кеден | Түрі | Есептеудің|Ставка|Сома.| СП | Есептеудің
баждары мен| | негізі | |сы | | дұрыстығы
салықтарын |------------------------------------------------
есептеу | | | | | |
| | | | | |
|---------------------------------------------------
|8.1. | |
|Барлық| санмен |
|төлеу.|--------|-----------------------------------
|ге жа.| жазумен|
|татыны| |
-----------------------------------------------------------------
9. Кеден қызметкерінің |10. Кеден баждары мен |11. Төлеу.
қолы | салықтарының төлен.| шінің
| гендігін растайтын | қолы
| құжаттың N және |
М.О. | күні |
-----------------------------------------------------------------
1 | Кеденге арналған данасы | 1 |
-----------------------------------------------------------

**Кедендік кіріс ордері** N XX - 000000 ККО нысаны

________________________________________
| 1. Ордердің түрі|2. Қосымша парақтар
------------------------------| |
3. Анықтама нөмір / / / | |
-----------------------------------------------------------------
4. Төлеуші | 5. Валюта бағамы
------------------|
| СТН |
-----------------------------------------------------------------
6. Қосымша ақпарат/ |6.1. СЭҚ ТН бойынша
ұсынылатын құжаттар | тауардың коды
|6.2. Тауардың салмағы
| (кг)

|6.3. Саны
|6.4. Шыққан елі
--------------------------------------|-------------------------
7. Алынатын кеден төлемдердің атауы |7.1. |АҚШ долларында
|Тауар.|
|лардың|
|құны |-------------------
| |төлем
| |валютасында
----------------------------------------------------------------
8. Кеден | Түрі | Есептеудің|Ставка|Сома | СП | Есептеудің
баждары мен| | негізі | | | | дұрыстығы
салықтарын |-----------------------------------------------
есептеу | | | | | |
| | | | | |
|-----------------------------------------------
|8.1. | |
|Барлық| санмен |
|төлеу.|--------|-----------------------------------
|ге жа.| жазумен|
|татыны| |
----------------------------------------------------------------
9. Кеден қызметінің қолы |10. Кеден баждары мен |11. Төлеу.
| салықтарының төлен.| шінің
| гендігін растайтын | қолы
| құжаттың N және |
М.О. | күні |
----------------------------------------------------------------
2 |Бухгалтерияға арналған дана | 2 |
----------------------------------------------------------

**Кедендік кіріс ордері** N XX - 000000 ККО нысаны

_______________________________________
| 1. Ордердің түрі|2. Қосымша парақтар
----------------------------| |
3. Анықтама нөмір / / / | |
----------------------------------------------------------------
4. Төлеуші | 5. Валюта бағамы
-----------------|
| СТН |

-----------------------------------------------------------------

6. Қосымша ақпарат/ |6.1. СЭҚ ТН бойынша
ұсынылатын құжаттар | тауардың коды
|6.2. Тауар салмағы (кг)
|6.3. Саны
|6.4. Шыққан елі

---------------------------------------|-------------------------

7. Алынатын кедендік төлемдерінің |7.1. |АҚШ долларында
атауы |Тауар.|
|лардың|
|құны |------------------
| |ұлттық
| |валютада

-----------------------------------------------------------------

8. Кеден | Түрі | Есептеудің|Ставка|Сома | СП | Есептеудің
баждары мен| | негізі | | | | дұрыстығы
салықтарын |-------------------------------------------------
есептеу | | | | | |
| | | | | |
|---------------------------------------------------
|8.1. | |
|Барлық| санмен |
|төлеу.|--------|-----------------------------------
|ге жа.| жазумен|
|татыны| |

-----------------------------------------------------------------

9. Кеден қызметкерінің |10. Кеден баждары мен |11. Төлеу.
қолы | салықтарының төлен.| шінің
| гендігін растайтын | қолы
| құжаттың N және |
М.О. | күні |

-----------------------------------------------------------------

3 | Төлеушіге арналған данасы | 3 |

-----------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2003 жылғы 23 мамырда
N 236 бұйрығымен

б е к і т і л г е н
Кедендік кіріс ордерін
толтыру мен есебін жүргізудің
тәртібі туралы ережесіне
2-қосымша

**Қосымша кедендік кіріс ордерінің парағы** ҚККО нысаны

```
                          ____________________________________________
                          |1. Тасымалдау          |2. N қосымша
---------------------------|    тәсілі                  |     парақ
3. Анықтама нөмір   /   /   /   |                              |
--------------------------------------------------------------------
4.        |                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
Тауар.  |                  |     |      |  |      |   |     |  |салықтар|
лардың      |-------------|              |--------------------------------------
атауы/  |тауар | саны/ |     |      |  |      |   |     |  |         |
шыққан  |коды  |салмағы|     |      |  |      |   |     |  |         |
елі/          |-------------|              |--------------------------------------
алынатын|                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
кеден   |                  |     |      |  |      |   |     |  |салықтар|
баждары    |-------------|              |--------------------------------------
мен      |тауар | саны/ |     |      |  |      |   |     |  |         |
салық.  |коды  |салмағы|     |      |  |      |   |     |  |         |
тары          |-------------|              |--------------------------------------
          |                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
          |                  |     |      |  |      |   |     |  |салықтар|
                    |-------------|          |--------------------------------------
          |тауар | саны/ |     |      |  |      |   |     |  |         |
          |коды  |салмағы|     |      |  |      |   |     |  |         |
                    |-------------|          |--------------------------------------
          |                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
          |                  |     |      |  |      |   |     |  |салықтар|
                    |-------------|          |--------------------------------------
          |тауар | саны/ |     |      |  |      |   |     |  |         |
          |коды  |салмағы|     |      |  |      |   |     |  |         |
                    |-------------|          |--------------------------------------
          |                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
          |                  |     |      |  |      |   |     |  |салықтар|
                    |-------------|          |--------------------------------------
          |тауар | саны/ |     |      |  |      |   |     |  |         |
```

```
|коды   |салмағы|     |     |  |     |   |    |  |       |
        |-------------|         |-----------------------------------
|              |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
|              |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
        |-------------|         |-----------------------------------
|тауар | саны/ |    |     |  |     |   |    |  |        |
|коды   |салмағы|     |     |  |     |   |    |  |       |
        |-------------|         |-----------------------------------
|              |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
|              |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
        |-------------|         |-----------------------------------
|тауар | саны/ |    |     |  |     |   |    |  |        |
|коды   |салмағы|     |     |  |     |   |    |  |       |
|              |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
|              |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
        |-------------|         |-----------------------------------
|тауар | саны/ |    |     |  |     |   |    |  |        |
|коды   |салмағы|     |     |  |     |   |    |  |       |
        |-------------|         |-----------------------------------
|              |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
|              |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
        |-------------|         |-----------------------------------
|тауар | саны/ |    |     |  |     |   |    |  |        |
|коды   |салмағы|     |     |  |     |   |    |  |       |
        |-------------|         |-----------------------------------
|              |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
|              |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
        |-------------|         |-----------------------------------
|тауар | саны/ |    |     |  |     |   |    |  |        |
|коды   |салмағы|     |     |  |     |   |    |  |       |
        |-------------|         |-----------------------------------
|Жиынтығы:       |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  | Басқа  |
|              |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
    |          -------|       |-----------------------------------
|       | саны/ |    |     |  |     |   |    |  |        |
|       |салмағы|     |     |  |     |   |    |  |       |
```
--------------------------------------------------------------

5. Қосымша ақпарат

--------------------------------------------------------------

6. Кеден қызметкерінің | |7. Төлеушінің қолы |Кеденге |
қолы | | |арналған дана| 1
М . О . | | | |
------------------------------------------------------------------

**Қосымша кедендік кіріс ордерінің парағы** ҚККО нысаны

______________________________________________
|1. Өткізу |2. N қосымша
----------------------------| тәсілі | парақ
3. Анықтама нөмір / / / | |
-----------------------------------------------------------------------
4. | |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
Тауар. | | | | | | | | |салықтар|
лардың |-------------| |-------------------------------------
атауы/ |тауар | саны/ | | | | | | | | |
шыққан |коды |салмағы| | | | | | | | |
елі/ |-------------| |-------------------------------------
алынатын| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
кеден | | | | | | | | |салықтар|
баждары |-------------| |-------------------------------------
мен |тауар | саны/ | | | | | | | | |
салық. |коды |салмағы| | | | | | | | |
тары |-------------| |-------------------------------------
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|-------------| |-------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
|-------------| |-------------------------------------
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|-------------| |-------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|-------------| |-------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
|-------------| |-------------------------------------

```
|                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  |Басқа да|
|                  |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
          |-------------|          |------------------------------------
|тауар | саны/ |     |      |  |     |   |    |  |          |
|коды  |салмағы|     |      |  |     |   |    |  |          |
          |-------------|          |------------------------------------
|                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  |Басқа да|
|                  |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
          |-------------|          |------------------------------------
|тауар | саны/ |     |      |  |     |   |    |  |          |
|коды  |салмағы|     |      |  |     |   |    |  |          |
          |-------------|          |------------------------------------
|                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  |Басқа да|
|                  |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
          |-------------|          |------------------------------------
|тауар | саны/ |     |      |  |     |   |    |  |          |
|коды  |салмағы|     |      |  |     |   |    |  |          |
          |-------------|          |------------------------------------
|                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  |Басқа да|
|                  |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
          |-------------|          |------------------------------------
|тауар | саны/ |     |      |  |     |   |    |  |          |
|коды  |салмағы|     |      |  |     |   |    |  |          |
          |-------------|          |------------------------------------
|                  |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  |Басқа да|
|                  |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
          |-------------|          |------------------------------------
|тауар | саны/ |     |      |  |     |   |    |  |          |
|коды  |салмағы|     |      |  |     |   |    |  |          |
          |-------------|          |------------------------------------
|Жиынтығы:          |құны| Баж |  |Акциз|   |ҚҚС |  |Басқа да|
|                  |    |     |  |     |   |    |  |салықтар|
     |            -------|        |------------------------------------
|        | саны/ |     |      |  |     |   |    |  |          |
|        |салмағы|     |      |  |     |   |    |  |          |
------------------------------------------------------------------
```

5 . Қосымша ақпарат

------------------------------------------------------------------

6. Кеден қызметкерінің | |7. Төлеушінің қолы |Бухгалтерияға|

қолы | | |арналған дана| 2
М . О . | | | |
-----------------------------------------------------------------

**Қосымша кедендік кіріс ордерінің парағы** ҚККО нысаны

|1. Өткізу тәсілі |2. N қосымша парағы |

---------------------------|
3. Анықтама нөмір / / / | |
-----------------------------------------------------------------

4. Тауар.лардың атауы/ шыққан елі/ алынатын кеден баждары мен салық.тары

| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|--------------| |--------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
|--------------| |--------------------------------------
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|--------------| |--------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
|--------------| |--------------------------------------
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|--------------| |--------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
|--------------| |--------------------------------------
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|--------------| |--------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|
| | | | | | | | |салықтар|
|--------------| |--------------------------------------
|тауар | саны/ | | | | | | | | |
|коды |салмағы| | | | | | | | |
|--------------| |--------------------------------------
| |құны| Баж | |Акциз| |ҚҚС | |Басқа да|

|                    |      |       |   |       |    |     |  |салықтар|
          |--------------|          |--------------------------------------
|тауар | саны/ |      |       |  |       |    |     |  |          |
|коды  |салмағы|      |       |  |       |    |     |  |          |
          |--------------|          |--------------------------------------
|                    |құны| Баж |  |Акциз|    |ҚҚС |  |Басқа да|
|                    |      |       |   |       |    |     |  |салықтар|
          |--------------|          |--------------------------------------
|тауар | саны/ |      |       |  |       |    |     |  |          |
|коды  |салмағы|      |       |  |       |    |     |  |          |
          |--------------|          |--------------------------------------
|                    |құны| Баж |  |Акциз|    |ҚҚС |  |Басқа да|
|                    |      |       |   |       |    |     |  |салықтар|
          |--------------|          |--------------------------------------
|тауар | саны/ |      |       |  |       |    |     |  |          |
|коды  |салмағы|      |       |  |       |    |     |  |          |
          |--------------|          |--------------------------------------
|                    |құны| Баж |  |Акциз|    |ҚҚС |  |Басқа да|
|                    |      |       |   |       |    |     |  |салықтар|
          |--------------|          |--------------------------------------
|тауар | саны/ |      |       |  |       |    |     |  |          |
|коды  |салмағы|      |       |  |       |    |     |  |          |
          |--------------|          |--------------------------------------
|                    |құны| Баж |  |Акциз|    |ҚҚС |  |Басқа да|
|                    |      |       |   |       |    |     |  |салықтар|
          |--------------|          |--------------------------------------
|тауар | саны/ |      |       |  |       |    |     |  |          |
|коды  |салмағы|      |       |  |       |    |     |  |          |
          |--------------|          |--------------------------------------
|Жиынтығы:        |құны| Баж |  |Акциз|    |ҚҚС |  |Басқа да|
|                    |      |       |   |       |    |     |  |салықтар|
     |               -------|         |--------------------------------------
|         | саны/ |      |       |  |       |    |     |  |          |
|         |салмағы|      |       |  |       |    |     |  |          |
-----------------------------------------------------------------------
5. Қосымша ақпарат
-----------------------------------------------------------------------
6. Кеден қызметкерінің |       |7. Төлеушінің қолы     |Төлеушіге        |
қолы                   |       |                       |арналған дана| 3

М . О .      |      |                          |                |

-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК